

Өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іріктеу және оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іске асыруы кезінде қаржылық жәрдем көрсету туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 4 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 92-бабы 9-тармағының 1-тармақшасына және Өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы хаттаманың 3-тармағына (көрсетілген Шартқа тіркелген № 27 қосымша) сәйкес Еуразиялық үкіметаралық кеңес **шешті**:

1. Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2023 жылғы 26 қазандағы № 3 шешімімен бекітілген Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2023 жылғы 26 қазандағы № 3 шешімімен бекітілген Өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іріктеу және оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іске асыруы кезінде қаржылық жәрдем көрсету туралы ережеге қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
-------------------------	--------------------------	---------------------------	------------------------	----------------------

Еуразиялық үкіметаралық комиссия кеңесінің
2024 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 4 шешіміне
ҚОСЫМША

Өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іріктеу және оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іске асыруы кезінде қаржылық жәрдем көрсету туралы ережеге енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 3-тармақтың жиырмамыншы абзацы "дамуды" деген сөзден кейін "(ЕАДБ), Ресей-Қырғыз даму қоры (РҚДҚ)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 9-тармақта:

а) "к" тармақшасындағы "және ЕАДБ" деген сөздер ", ЕАДБ және РКФР" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) "л" тармақшасындағы "Еуразиялық даму банкі (бұдан әрі – ЕАДБ) (егер кредиттік шарт тараптарының бірі ЕАДБ болып табылған жағдайда)" деген сөздер "ЕАДБ немесе РҚДҚ (егер кредиттік шарт тараптарының бірі ЕАДБ немесе РҚДҚ болып табылған жағдайда)" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 17-тармақтың бірінші абзацының мәтіні бойынша "және ЕАДБ" және "немесе ЕАДБ" деген сөздер ", ЕАДБ немесе РҚДҚ" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК